

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 26–43
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.852>

ӨЖЖ 372.2:008

E. Abdrashova^{*1}, Zh. Kemelbekova¹, A. Veryaev², 2024.

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

²Altai State Pedagogical University, Barnaul, Russia.

E-mail: emon_81@mail.ru

USING THE POTENTIAL OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE FORMATION OF METHODOLOGICAL COMPETENCE OF COMPUTER SCIENCE TEACHERS

Abdrashova Elmira – M. Auezov South Kazakhstan University, doctoral student of the Department of Informatics, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: emon_81@mail.ru, orcid.org/0009-0004-3451-4883;

Kemelbekova Zhanar – M. Auezov South Kazakhstan University, Candidate of Technical Sciences, Associate Professor of the Department of Informatics, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: kemel_zhan@mail.ru; orcid.org/0000-0001-9422-2509;

Veryaev Anatoly – Altai State Pedagogical University, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Barnaul, Russia, E-mail: veryaev_aa@mail.ru.

Abstract. The article deals with the issues of formation of methodological competence of computer science teachers in the context of digital transformation of education. Currently, the analysis and assessment of digital competence and digital literacy are coming to the fore for teachers of higher education institutions. To master modern digital technologies, the teacher must develop: the ability to work with various digital tools, electronic resources, the ability to use digital services in real and future professional education. However, the experience of using digital technologies is mandatory in the educational process of methodological support of the student and the need for digital educational resources. The main purpose of this study is to determine the importance of digital educational resources as an effective method of forming the methodological competence of future computer science teachers. Theoretical and empirical methods were used in the course of the study. That is, monitoring the educational activities of students in the educational process, studying the experience of teachers, conducting an experimental conversation between teachers and students, conducting questionnaires, analyzing, evaluating the work performed by students.

As a result of the research, new possibilities of pedagogical skills, requirements and competencies of computer science teachers in the process of mastering digital technologies were revealed. In order to define a model for the formation of methodological competence of a future computer science teacher using digital

technologies, levels and diagnostic tools for the formation of methodological competence of a future computer science teacher have been developed. The importance of the process of digitalization of knowledge in the formation of professional orientation of future computer science teachers is determined.

Keywords: digital education, pedagogical competence, digital competence, digital literacy, computer science, teacher.

Э.Т. Абдрашова*¹, Ж.С. Кемельбекова¹, А.А. Веряев², 2024.

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

²Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Барнаул, Ресей.

E-mail: emon_81@mail.ru

ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ

Абдрашова Эльмира Тлесовна – докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, emon_81@mail.ru, orcid.org/0009-0004-3451-4883;

Кемельбекова Жанар Сатыбалдиевна – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, kemel_zhan@mail.ru, orcid.org/0000-0001-9422-2509;

Веряев Анатолий Алексеевич – Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Барнаул, Ресей, E-mail: veryaev_aa@mail.ru.

Аннотация. Мақалада білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайындағы информатика мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәселелері қарастырылады. *Қазіргі таңда* цифрлық құзыреттілік пен цифрлық сауаттылықты талдау және бағалау – жоғары білім беру мекемелерінің оқытушылары үшін алдыңғы қатарға шығып отыр. Заманауи цифрлық технологияларды игеру үшін оқытушы: әртүрлі цифрлық құралдармен, электрондық ресурстармен жұмыс істеу қабілеті, өмірдегі және болашақтағы кәсіби білім берудегі цифрлық қызметтерінің қабілеті т.б. қалыптастыруы қажет. Дегенмен, цифрлық технологияларды қолданудың тәжірибесі білім беру процесінде білім алушыны әдістемелік сүйемелдеу және цифрлық білім беру ресурстарының қажеттілігі міндетті болып табылады. Бұл зерттеудің басты мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдісі ретінде – цифрлық білім беру ресурстарының маңызын айқындау. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Яғни білім алушылардың оқу үдерісіндегі оқу қызметін бақылау, оқытушылардың тәжірибесін зерделеу, оқытушылар мен білім алушылар арасында тәжірибелік-эксперименттік әңгіме жүргізу, сауалнама жүргізу, білім алушылардың орындаған жұмыстарын талдау, бағалау.

Зерттеу нәтижесінде информатика педагогтарының цифрлық технологияларды игеруі барысында педагогикалық дағдылары, талаптары мен құзырет-

терінің жаңа мүмкіндіктері ашылды. Цифрлық технологиялар арқылы болашақ информатика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделін анықтау мақсатында болашақ информатика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері мен диагностикалық құралдары әзірленді. Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби бағдарын қалыптастырудағы білімді цифрландыру үдерісінің маңызы айқындалды.

Түйін сөздер: цифрлық білім беру, педагогикалық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, информатика, мұғалім.

Э.Т. Абдрашова*¹, Ж.С. Кемельбекова¹, А.А. Веряев², 2024.

¹Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан;

²Алтайский государственный педагогический университет, Барнаул, Россия.

E-mail: emon_81@mail.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОТЕНЦИАЛА ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ МЕТОДИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

Абдрашова Эльмира Тлесовна – докторант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: emon_81@mail.ru, orcid.org/0009-0004-3451-4883;

Кемельбекова Жанар Сатыбалдиевна – кандидат технических наук, ассоциированный профессор, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: kemel_zhan@mail.ru, orcid.org/0000-0001-9422-2509;

Веряев Анатолий Алексеевич – Алтайский государственный педагогический университет, доктор педагогических наук, профессор, Барнаул, Россия, E-mail: vergyev_aa@mail.ru.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы формирования методической компетентности учителей информатики в условиях цифровой трансформации образования. В настоящее время анализ и оценка цифровой компетентности и цифровой грамотности выходят на первый план для преподавателей учреждений высшего образования. Для освоения современных цифровых технологий преподаватель должен сформировать: умение работать с различными цифровыми средствами, электронными ресурсами, способность к цифровым услугам в реальном и будущем профессиональном образовании. Однако опыт применения цифровых технологий является обязательным в образовательном процессе методического сопровождения обучающегося и необходимости цифровых образовательных ресурсов. Главной целью данного исследования является определение значения цифровых образовательных ресурсов как эффективного метода формирования методической компетентности будущих учителей информатики. В ходе исследования были использованы теоретические и эмпирические методы. То есть контроль учебной деятельности обучающихся в учебном процессе, изучение опыта преподавателей, проведение опытно-экспериментальной беседы между преподавателями и обучающимися, проведение анкетирования, анализ, оценка выполненных обучающимися работ.

В результате исследования были раскрыты новые возможности педагогических навыков, требований и компетенций педагогов информатики в процессе освоения цифровых технологий. В целях определения модели формирования методической компетентности будущего учителя информатики с помощью цифровых технологий разработаны уровни и диагностические средства формирования методической компетентности будущего учителя информатики. Определено значение процесса цифровизации знаний в формировании профессиональной ориентации будущих учителей информатики.

Ключевые слова: цифровое образование, педагогическая компетентность, цифровая компетентность, цифровая грамотность, информатика, учитель.

Кіріспе. Қазіргі уақытта жас мұғалімдердің айтарлықтай бөлігі кәсіби қызмет жағдайларына бейімделуіне және оны жүзеге асыруға байланысты қиындықтарға кездеседі. Сондықтан білім алушыларды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік даярлау бүгінгі күннің талабы (Bidaibekov, et al., 2014). Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын жаңғыртуға әкеледі. Информатика мұғалімін даярлаудың тұтас сипаты кәсіби құзыреттіліктің барлық компоненттерін, олардың бірлігі мен өзара байланысында жүзеге асыруды қамтиды. Кәсіби құзыреттіліктің негізінде әдістемелік құзыреттілік қалыптасады.

Құзыреттілік дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік маңызды салада жүзеге асырылатын қызметтің түпкі мақсаттарына тұтастай қол жеткізуге ықпал ететін, игерілген теориялық және практикалық білім арқылы табысты қызметті қамтамасыз ететін интегративті ресурс. Құзыреттер теориялық және практикалық білімнің неғұрлым тар және нақты компоненттерін, сондай-ақ жеке міндеттерді шешу және қызметтің аралық мақсаттарына қол жеткізу үшін жинақталған нақты стратегияларды білдіреді, олар құзыреттілікке тұтастық ретінде жатады. Әдістемелік құзыреттілік мұғалімнің кәсіби дайындығы процесінде қалыптасады және нәтижесінде оның құндылық бағдарларын, сондай-ақ педагогикалық қызметте өзін-өзі жүзеге асыру шығармашылығына дайындығын қалыптастырады.

Әдістемелік құзыреттілік әдістемелік рефлексияға қабілеттілікті, өзінің оқу іс-әрекетінің қасиеттерін сыни тұрғыдан бағалау және қайта қарау, қолданылатын әдістер мен жаттығуларды олардың тиімділігі тұрғысынан талдау қабілетін қамтиды. Кейбір зерттеушілер әдістемелік құзыреттілікті әдістемелік білімді игерудің жүйелік деңгейін, оқу мақсатына жету нәтижелерін диагностикалау, оқыту әдістері мен технологияларын жобалау, инновациялық технологияларды игеру, оқытудың инновациялық мазмұнын таңдау, оқыту нәтижелері мен білім беру қызметінің сапасына мониторинг жүргізу қабілеттерін көрсететін тұлғаның интегративті сипаттамасы ретінде қарастырады. Жалпы, зерттеушілер мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін мұғалімнің педагогикалық қызметі барысында туындайтын әдістемелік міндеттерді, мәселелерді тану және шешу қабілеті ретінде қарастырады. Осы негіздемемен сүйене отырып

мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда білім берудің цифрлық технологияларының ролін қарастырамыз

Білім беру процесінде информатика мұғалімінің цифрлық білім беру ресурстарын қолдану дәстүрлі әдістермен қатар тиімді, бұл білім алушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді; бұл білім беру процесіне қатысушылардың барлығының уақыты мен күшін оңтайлы жұмсауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін қолдануға ықпал етеді. Сапалы білімге қол жеткізу үшін информатика оқытушысы оқытудың жаңа құралдарын енгізген кезде оларды қолдану әдістемесі бойынша барлық талаптарды сақтауы қажет. Цифрлық білім беру үдерісін құру – педагогикалық ғылымның жаңа бағыты – цифрлық дидактика негізінде ғылыми негіздемені талап ететін күрделі мәселе.

Материалдар мен әдістер. Соңғы онжылдықтарда ақпараттық технологиялардың мәнін құрайтын «компьютерлік технологиялар» ұғымы, «электрондық технологиялар», «цифрлық технологиялар» ұғымдарымен біртіндеп ығыстырылды. Цифрлық білім беру ортасы білім беру процесінің әр түрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығын білдіреді.

Цифрландыру – бұл ақпаратты өңдеудің, тарату мен тасымалдаудың, сақтаудың және визуализациялаудың цифрлық технологияларын басым пайдаланумен ерекшеленетін ақпараттандыруды дамытудың қазіргі кезеңі, бұл жаңа техникалық құралдар мен бағдарламалық шешімдердің пайда болуымен байланысты. Цифрландыру – бұл цифрлық формада жаңа өнім жасау. Мысалы, мультипликациясы бар динамикалық оқу курсы немесе құжатты түсіндірудің интерактивті жүйесі.


Оқытудың цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби бағдарын, соның ішінде әдістемелік бағдарын қалыптастыруға ықпал ететін шарттар келесідей:

- білім беру процесінде аудио, видео-компьютерлік, интерактивті құралдарының қолданылуы;
- жаңа ақпараттық технологияларды, оның ішінде интернет желісінің ресурстарын қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру;
- оқытушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті деңгейі;
- нақты білім беру деңгейінің ерекшелігін есепке алатын электронды құралдарды пайдалануда білім берудің түрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін таңдау;
- модульдік электронды оқулықтардың, пән курсының үздіксіз көп деңгейлі құрылымындағы нақты білім беру деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалар жиынтығының болуы;
- білім алушылардың өзіндік жобалық қызметін жүзеге асыруы;
- информатика пәні бойынша қалыптасқан құзыреттілік деңгейін арттыратын, мотивацияны күшейтетін құзыреттілік тәсіл және мәдениетаралық коммуникацияның табыстылығы.

Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық құзыреттілік саласындағы білім мен дағдыларға негізделген. Информатика саласында жеткілікті дайындық деңгейі болмаса, мұғалім әдістемелік мәселелерді тиімді шеше алмайды. Мысалы, оқу процесін жобалаудан, оқу мазмұнын талдаудан, оқу процесін кез-келген ұйымдастыруда білім алушы игеруі керек материалдың көлемі мен деңгейін анықтаудан басталады. Ғылыми-теориялық дайындығы төмен мұғалім оқулықтың параграфының мәтінін ғана меңгерілетін мазмұн ретінде түсінеді. Ғылыми-теориялық құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар мұғалім зерттелетін мазмұнның теория құрылымындағы орнын түсінеді, осыған сүйене отырып, осы сабақтың тақырып құрамындағы орнын анықтайды, сабақтың түрін анықтайды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды, пәннің жеке бөліктерінің өзара байланыстарында логикасын ашады (Medeshova, et al., 2011).

Білім алушылардың танымдық іс-әрекеттегі тәуелсіздік деңгейіне сәйкес келетін оқыту әдістерін таңдағанда, зерттелетін материалдың күрделілігін бағалау қажет. Ғылыми-теориялық дайындыққа мұғалімнің информатиканы оқытудың ерекше әдістері мен тәсілдері саласындағы әдістемелік іскерліктерінде негізделеді. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік саласында білімі мен дағдылары болмаса, мұғалім әр білім алушының дамуына бағытталған оқу процесін құра да, ұйымдастыра да алмайды, оқытуды саралап, өз қызметінің деңгейін бағалай алмайды (Mukhambetzhanova, et al., 2006; Bidaibekov, et al., 2014; Mourshed, et al., 2010).

Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1- Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы

Информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігі деп болашақ мұғалімнің қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологиялары негізінде білім беру орталықтарында информатиканың үздіксіз курсын оқытуға теориялық және практикалық дайындығын, білім беруді акпараттандыру жағдайында педагогикалық қасиеттерді арттыруға, кәсіби өсуге қабілеттілігі мен икемділігін түсінеміз (Nardi, et al., 1996).

Ғалым М.П. Лапчик информатика мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігінің құрылымында пәндік және мета пәндік компоненттерді алдыңғы қатарға шығарады. Мұндағы пәндік компонент пәнге бағытталған құзыреттіліктен тұрады, метапәндік компонент кәсіби бағытталған құзыреттілік болып табылады. Ал, информатика мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігінің компоненттерін қалыптастыру оның функционалдық педагогикалық қызметін айқындайды: диагностикалық, жобалау, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушы сынды қабілеттерді қамтиды.

Осы айтылғандардың ішінде информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің маңызды қадамдарын атап айтқан дұрыс: өзінің нақты мақсаттары мен міндеттерін білім алушылар алдында дұрыс айта білуі; білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестермен және т.б. ортақ тіл таба білуі; жеке тұлғаны ескере білуі; әңгімелесуге қатысушылардың құндылық қатынастарын ескеруі; қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тәсілдерін меңгеруі; тәжірибе беру және әріптестерінен үйрену қабілеті; өз көзқарасын дәлелдеу қабілеті; есту және тыңдау қабілеті; өз ойларын логикалық тұрғыда қалыптастыруы; психологиялық-педагогикалық теориялық негіздерін білуі; нормативтік құжаттарды білуі; оқу-әдістемелік әдебиеттеді талдай білуі; бағдарламалық-оқыту құралдарын білуі, оқытуы; информатика ғылымының іргелі негіздері мен әдістерін білуі; әлеуметтік информатиканы білуі; техникалық және бағдарламалық білімі; акт-технологиялардың қазіргі заманғы құралдарын білуі; білім алушылардың болашақ қызметі үшін маңызды материалдарды дайындауы; ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруі; АКТ қолдануда – білім алушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруға арналған технологияларды қолдануы; әдістемелік және дидактикалық материалдарды пайдалануы және т.б. Қазіргі жаһандану жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетті жүзеге асыруға қабілеті мен дайындығы бар мұғалім барған сайын маңызды бола түсуде.

Информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілік құрылымында пәндік және метапәндік құраушыларды бөліп көрсетуге болады (2-сурет). Пәндік құзыреттілік пәнді оқу барысында пәндік дайындық кезінде қалыптасады, ол информатиканы ғылым ретінде оқуға және практикалық іс-әрекет саласына (алғашқы пәндік білім) бағытталған.


Әдістемелік құзыреттіліктің метапәндік құраушыларына:

- *жалпы кәсіби* – жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және жалпы кәсіптік пәндерді оқыту барысында қалыптасады;
- *базалық* – әдістемелік курстарды оқыту және курстық жұмыстарды

орындау нәтижесінде, оқу және негізгі мектептегі өндірістік практика барысында әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуы;

- *кәсіби-бағытталған* – жоғарғы мектепте өндірістік практика барысында пайда болатын әдістемелік құзыреттілікті дамыту;

- *оқу-зерттеушілік* – информатиканың педагогикалық қосымшалары саласында білім алушылардың оқу-зерттеушілік іс-әрекеттерін жандандыруға бағытталған.



Сурет 2- Информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің құрылымы

Қазіргі жағдайда информатика мұғалімінің жалпы мәдени құзыреттілік мен тұлғалық әлеуетін (әлеуметтік мәдениетті әдіс) дамыту өзекті мәселе болып отыр, бұл жағдайда оның іс-әрекеті тұлғаға-бағытталған білім беру парадигмасын (тұлғаға-бағытталған әдіс) түсінуге негізделуі қажет. Кәсіптік қызметте АКТ-ны практикалық қолдану информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің интегративті құраушысы ретінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікке бағытталған (OECD Policy brief, November 2005; Abykanova, 2005; Berkimbayev, et al., 2007).

Әдістемелік құзыреттілік мұғалімнің дидактикалық, ұйымдастырушылық, аналитикалық қабілеттерімен қамтамасыз етілетін кәсіби білімнің, дағдылардың, жеке қасиеттердің құрылымы. Әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуы мен даму нәтижесі информатика мұғалімінің кәсіптік қызметке дайындығынан көрінеді, оның мазмұнын жобалау, ұйымдастыру және коммуникативтік біліктіліктерінің үш тобы арқылы анықтауға болады (Abykanova, et al., 2007).

Информатика мұғалімінің жобалау біліктілігі білім беру үдерісін жобалауда көрінеді (білім беру алаңдарын бөлу, олардың кезеңмен іске асыру тәсілдерін негіздеу, білім беру үдерісінің қатысушыларының іс-әрекеттері мазмұны мен түрлерін жоспарлау). Информатика мұғалімінің ұйымдастыру біліктілігі тобына (Mukhambetzhanova, et al., 2006; Bidaibekov, et al., 2014; Mourshed, et al., 2010):

- мотивациялық – білім алушылардың информатикаға деген тұрақты

қызығушылықтарын дамыту, оқу дағдыларын қалыптастыру және проблемалық жағдайларды туызып және оларды шешу арқылы жеке ақпараттық ортаны ұйымдастыру тәсілдерін оқыту;

- ақпараттық-дидактикалық – білім ақпараттық ресурстармен жұмыс істей білу, ақпарат алу және оны білім беру үдерісінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қайта өңдеу; қазіргі заманғы оқыту әдістерін, түрлерін және құралдарын қолдану;

- дамытушы – әр түрлі оқу пәндерін оқытуда информатиканың әдістерін және АКТ құралдарын меңгеру мен қолдану арқылы танымдық тәуелсіздікке, интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттілікке ынталандыру; алгоритмдік және жүйелі ойлауды дамыту;

- кәсіпке бейімдеушілік – еңбек нарығында талап етілетін әртүрлі салада ақпараттық іс-әрекет тәжірибелерін жинақтау;

- рефлексивтік – мұғалімнің өзіне бағытталған, бақылау-бағалау іс-әрекетіне байланысты.

- коммуникативтік – мұғалімнің ақпараттың әр түрлі көздерін пайдалану арқылы танымдық және коммуникативтік есептерді шешу үдерісінде, информатика мен АКТ құралдарымен бірге іс-әрекет ету біліктіліктерінде көрінеді.

Әдістемелік құзыреттілік оқыту процесінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді, өйткені ол ғылыми тұрғыдан кәсіби даярлықтың принциптерін, мазмұнын, нысандарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.


Әдістемелік құзыреттілік әдістемелік рефлексияға қабілеттілікті, өзінің оқу іс-әрекетінің қасиеттерін сыни тұрғыдан бағалау және қайта қарау, қолданылатын әдістер мен жаттығуларды олардың орындылығы мен тиімділігі тұрғысынан талдау қабілетін қамтиды. Болашақ мұғалім жаңа материалды түсіндіріп, оны дұрыс оқытуды ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар білім алушыларыға тапсырмаларды орындаудың белгілі бір алгоритмдерін ұсынып, оларға өзіндік жұмыс әдістерін үйретуі керек. Болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық даярлаудың мазмұндық аспектісі оның өзара байланыста және өзара тәуелділікте жүзеге асырылатын педагогикалық процестің тиімділігін қамтамасыз ететін моральдық-психологиялық, әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық дайындық сияқты компоненттерді қамтиды (Abisheva, 2007).

Сонымен қатар, әдістемелік дайындық білім алушыларды тәрбие мен оқытудың нақты бағыттарының принциптері, мазмұны, ережелері, фактілері, формалары мен әдістері туралы біліммен қамтамасыз етуді көздейді. Әдістемелік қызмет жаңа өнімдерді-ғылыми зерттеудің жаңа әдістері мен құралдарын алуға бағытталған арнайы ғылыми қызмет ретінде жүзеге асырылады. Бұл мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығында жетекші орын алатын, білім мен дағдыларды біріктіретін және айқын қолданбалы сипаттағы әдістемелік құзыреттілік. Бұл информатиканы оқыту процесін құру, оның ішінде қолдану арқылы білім мен дағдылардың кеңейтілген жүйесі. Информатика

сабақтарының ерекшеліктеріне сабақтың басым бөлігінде компьютердің қолданылуын жатқызуға болады. Осыған байланысты оқу үдерісінде көрсету, зертханалық жұмыс және тәжірибелік сабақ (практикум) түріндегі сабақтар кеңінен қолданылады. (Nardi, 1996; Beisenova, 2008; Abisheva, 2007).

Оқу үдерісіндегі сабақ түрінің көрсету түрін алатын болсақ, мұғалім компьютер көмегімен сабақ тақырыбына сәйкес әртүрлі оқу материалдарын (интерфейс элементтері, бағдарлама үзінділері, сызбалар, т.с.с.) экраннан (тақтадан) көрсетіп, таныстырады. Мұндай сабақтың негізгі мақсаты – білім алушыларға жаңа ақпарат беру. Бұл ретте ақпараттық құзыреттілік қолданылады (Kenzhebekov, 2005).

Ақпараттық құзыреттілік келесі негізгі компоненттерге бөлінеді: Маңызды мотивациялық бағдарды таңдауға көмектесетін құндылықтар әлеміне білім алушының кіруіне жағдай туғызатын мотивациялық құндылыққа негізделген; адамның еңбекке және жалпы өмірге қатынасына әсер ететін қозғаушы мотивтерінің дәрежесін сипаттайды. Болашақ информатика мұғалімі сабақ өту барысында ақпараттық технологияларды көрсету мен қатар оның ерекшеліктерін дұрыс жеткізе білу шеберлігін қалыптастыру, яғни ақпараттық құзыреттілік – білім, білік, дағдыны жаңа жағдаяттарға тасымалдау, өз бетінше шешім қабылдай білу, сонымен қатар, әрбір білім алушы өзінің тұлғалық сапасын, біліктерін қалыптастыруға, қоршаған ортамен еркін түрде ақпараттық-коммуникативтік қарымқатынастарға түсе алу мен жеке ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға тиіс (3 сурет).



Сурет 3 - Информатиканы оқытудағы оқу үдерісінің көрсету түрі

Зертханалық жұмыс сабақтарында білім алушылар оқу мақсаттарына байланысты тапсырмаларды компьютерде жеке орындайды. Зертханалық жұмыстарды орындау барысында компьютерде бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту басты назарда болады. Мұндай сабақтар білім алушыларға жаңа материалдарды меңгеру немесе өткен тақырыптар бойынша білгенін бекіту, алған білім, дағдыларын бағамдауға бағытталған болуы мүмкін. Мұғалім сабақта барлық білім алушыны түсінікті жазылған нұсқаулықпен қамтамасыз етіп, жұмысты әрбір білім алушының жеке орындауын бақылап, қажетінше бағыт-бағдар беріп отыруы маңызды.

Сондай-ақ, тапсырманы жылдам орындайтын білім алушылар үшін күрделі тапсырмалар дайындап, деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру арқылы олардың өзіндік танымдық үдерісін дамытуды ескеру қажет.

Тәжірибелік сабақтардың мазмұны ілгеріде игерген білімді бекіту, меңгерген білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуды қамтиды. Мұндай сабақтарда білім алушылар әртүрлі есептер шығарады, блок-схемалар, алгоритмдер құрып, бағдарламалар жазады, компьютерде орындайды. Мұғалім сабақты жоспарлау барысында білім алушылардың танымдық мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес тапсырмаларды іріктеуді ойластыру керек (Tomlinson, 2008).

Білім алушылар оқуда жоғары жетістіктерге жетуі үшін мұғалімдер сабақта белсенді оқуды қолдайтын тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Нәтижелер мен талқылау.

Цифрлық технологияларды пайдаланып болашақ информатика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері мен диагностикалық құралдары әзірленді.

Құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін сипаттаудың бірнеше тәсілдері бар: “төмен – орташа – жоғары” мәндерін қолданған кезде жеңілдетілген және мәндерге сапалық сипаттамалар берілген кезде сапалы. Екінші тәсіл перспективалы болып көрінеді. Тиісінше, осы зерттеуде біз критериялды аппараттың келесі мәндерін ұстанатын боламыз: бейімделу деңгейі (құзыреттіліктің қалыптасуының бастапқы деңгейін сипаттайды), репродуктивті (білім алушылардың қалыптасқан құзыреттіліктің базалық құрылымдарын берік игеруіне сәйкес келеді) және шығармашылық (білім алушының кәсіби өзін-өзі дамытуға қабілетті кәсіби қызметке дайындық деңгейіне сәйкес келеді). 1-кестеде болашақ информатика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері сипатталған.

Кесте 1. - Болашақ информатика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері

Компонент-тер	Деңгейлер		
	Бейімделу	Репродуктивті	Шығармашылық
Жеке тұлғалық	Сыртқы кәсіби мотивтер басым (материалдық және өзін-өзі растау), кәсіби құндылықтар жүйесі қалыптаспаған.	Ішкі кәсіби мотивтер басым (басқа адамдарды оқытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс), кәсіби құндылықтар жүйесі қалыптасады.	Ішкі кәсіби мотивтер басым (басқа адамдарды оқытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс), кәсіби құндылықтар жүйесі қалыптасады, кәсіби және жеке дамуға бағытталған ерікті реттеуді күшейту кезінде белгіленген деңгейде жүзеге асырылады.
Танымдық-ақпараттық	Мектептегі информатика пәнінің мазмұны туралы; Информатика пәнін оқытудың нысандары,	Мектептегі информатика пәнінің мазмұнын; Информатика пәнін оқытудың нысандарын, әдістері мен құралдарын;	Мектептегі информатика пәнінің мазмұнын толық біледі; Информатика пәнін оқытудың нысандары, әдістері мен құралдары туралы; білім

